

№ исх: 05-0-13/261 от:
19.05.2020

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

050040, Алматы қ., Көктем-3, 21-үй
тел.: +7 727 2704591, факс: +7 727 2617352
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

050040, г. Алматы, Көктем-3, дом 21
тел.: +7 727 2704591, факс: +7 727 2617352
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz

19.05.2020 ж. № 05-0-13/261

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаттарына,
«Nur Otan» партиясы
Фракциясының мүшелері
А.М. Жамаловқа, Н.Б. Әлтаевқа
ҚДП «Ақ жол» Фракция мүшесі
Е.Х. Барлыбаевқа

29.04.2020 жылғы № ДЗ-87

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 29.04.2020 жылғы №ДЗ-87 депутаттық сұрауын қарастырып, келесі ақпаратты жолдайды.

Ұлттық қор қаражатының пайдалануын шектеу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасына (бұдан әрі - Тұжырымдама) Ұлттық қордың қаражатын пайдалануды шектеуге және оны жинақтауға бағытталған түзетулерді әзірлеу мәселесі бойынша Тұжырымдамада мынадай шектеулер қарастырылғанын хабарлаймыз:

1. Жинақтау функциясын орындау үшін тиісті жылдың соңында ІЖӨ-нің болжамды мәнінің 30%-ы мөлшерінде азайтылмайтын қалдық белгіленеді. Бұл ретте, азайтылмайтын қалдық бойынша шектеулерді сақтамаған жағдайда кепілдендірілген және/немесе нысаналы трансферттер мөлшері тиісті шамаға азаятын болады.

2. Нысаналы трансфертті бөлу тек Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша экономиканың құлдырау кезеңінде дағдарысқа қарсы бағдарламаларды, ұлттық ауқымдағы әлеуметтік маңызы бар жобаларды, стратегиялық маңызды инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыруы мүмкін болады.

3. Мемлекеттік, квазимемлекеттік және жеке секторлар субъектілерінің қазақстандық бағалы қағаздарын иеленуге, акциялар пакеттерін, қазақстандық компаниялардың қатысу үлестерін сатып алуға, екінші деңгейдегі банктерді қорландыруға, заңды және жеке тұлғаларға кредит беруге, активтерді міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде **пайдалануға тыйым салынады**.

4. Тұжырымдамаға 2019 жылғы 31 желтоқсанда енгізілген соңғы өзгерістерге сәйкес Ұлттық қордың жинақтау функциясын орындауды қамтамасыз ету үшін **кепілдендірілген трансферттің мөлшерін айқындау контрциклдік бюджеттік қағидаларға негізделетін болады**. Кепілдендірілген трансферт тиісті жоспарлы кезеңге арналған кепілдендірілген трансферт туралы Қазақстан Республикасының Заңында айқындалатын мұнайдың консервативтік бағасы (кесімді баға) кезінде мұнай секторынан Ұлттық қорға түсетін түсімдер мөлшерінен аспайтын мөлшерінде айқындалатын болады.

2020 жылғы 24 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысында Қазақстан Республикасының Президенті Үкіметке Ұлттық Банкпен бірлесіп контрциклдік бюджеттік қағидаларды енгізуді тапсырды. Осы тапсырманы орындау мақсатында тиісті жұмыс жүргізілуде, атап айтқанда Бюджет кодексіне тиісті түзетулер дайындалуда.

Базалық мөлшерлеменің төмендеуі туралы

2015 жылдан бастап Ұлттық Банк инфляциялық таргеттеу қағидастарына сәйкес ақша-кредит саясатын жүргізуде. Бұл инфляцияның төмен және тұрақты деңгейін қамтамасыз етуі негізгі мақсаты болып табылатынын білдіреді. Инфляция бойынша нысаналы бағдарларға қолжеткізу қажеттілігінен ақша-кредит саясатының негізгі құралы ретінде базалық мөлшерлеме белгіленеді. Бұл ретте, базалық мөлшерлеме жөніндегі әрбір шешім сол сәттегі маңызды оқиғаларды және орта мерзімді кезеңге макроэкономикалық көрсеткіштерді дамыту болжамын ескереді.

Базалық мөлшерлемені белгілеу кезінде, ең алдымен, инфляцияның болжамды деңгейі мен ішкі күтулер, ішкі қаржы нарығындағы жағдай және негізгі тауарлық және халықаралық қаржы нарықтарындағы үрдістер ескеріледі. Қазақстан экономикасының нақты секторының даму динамикасына ерекше мән беріледі.

Сондықтан, сыртқы және ішкі жағдайлардың нашарлауына байланысты елдегі экономикалық белсенділіктің едәуір төмендеу тәуекелін ескере отырып, Ұлттық Банк 2020 жылғы 6 сәуірде базалық мөлшерлемені 9,5%-ға дейін төмендету туралы шешім қабылдады. Ақша нарығынан валюта нарығына өтімділіктің ағымын болдырмау үшін мөлшерлемелер дәлізі +/-2%-ға дейін кеңейтілді. Ұлттық Банк пен Үкіметтің дағдарысқа қарсы шараларымен бірге

базалық мөлшерлемені төмендету туралы шешім коронавирустың таралуының жағымсыз әсерлерін жоюға және іскерлік белсенділікті қолдауға, оның ішінде кредиттеуді ұлғайту арқылы жүзеге асырылады. Ағымдағы жылдың 27 сәуірінде Ұлттық Банк кезекті шешімімен базалық мөлшерлемені бұрынғы деңгейде сақтады.

Сонымен қатар, базалық мөлшерлеменің қазіргі деңгейі нақты мәнде, яғни нақты жылдық инфляцияны есептемегенде (сәуірде 6,8%), ол тепе-теңдіктегі бейтарап деңгейден 3-3,5% төмен. Ағымдағы жылдың қорытындылары бойынша қайта қаралған инфляция болжамын 9-11% ескере отырып, нақты базалық мөлшерлеме одан да төмен, нөлге дейін түсуі мүмкін.

Бұл жағдайда Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесінің одан әрі айтарлықтай төмендеуі ұзақ мерзімді перспективада экономикаға теріс салдарларды тигізеді. Олардың ішінде валюталық преференциялардың өзгеруін шетел валютасының пайдасына үнемдеумен және девальвациялық күтулердің өсуімен, инфляция деңгейіне жүйелі түрде жеткізілмеуімен және ақша-несие саясатына халықтың және нарықтың төмен сенімділігімен, экономикалық агенттер арасындағы белгісіздіктің артуымен және банк жүйесінің тәуекелдерін арттыруын атап шығу қажет. Сондай-ақ, базалық мөлшерлеменің айтарлықтай төмендеуі банк жүйесінің ресурстық базасының төмендеуіне алып келеді. «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» әдістемесіне сәйкес жеке тұлғалардың депозиттері бойынша ең жоғары ұсынылатын мөлшерлемелер базалық мөлшерлемеге тікелей байланысты. Осыған сәйкес, базалық мөлшерлеме айтарлықтай төмендеген кезде салымдар бойынша шекті мөлшерлемелер төмендеп, депозиттердің банк жүйесінен кетуіне алып келеді.

Осылайша, базалық мөлшерлеменің төмендеуі бойынша шешімдер экономиканы жандандыру үшін негізгі шаралар бола алмайды. Сапалы және тұрақты өсу үшін экономиканы құрылымдық қайта құру және оны әртараптандыруды күшейту маңызды, ал монетарлық саясаттың құрылымдық проблемаларды шешуге арналған құралдары жоқ. Ақша-кредит саясатының құралдары әр түрлі макроэкономикалық күтілмеген өзгерістердің әсерінен туындайтын экономикадағы ұзақ мерзімді үрдістерден ауытқуды реттеу үшін тиімді.

Ұлттық Банк оқиғалардың дамуын мұқият бақылауды жалғастырады және дағдарыс кезеңіндегі талаптарда экономикаға жағымсыз әсерлерді азайту және макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін барлық мүмкін құралдарды іске қосуға дайын. Бағалар тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттердің шеңберінде Ұлттық Банк инфляциялық аяны бақылау шараларын жүзеге асыруды жалғастырады.

Банктік кредиттеуді қалпына келтіру туралы

Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру шеңберінде **кредиттеуді қалпына келтіру үшін Ұлттық Банк кредиттік ресурстардың қол жетімділігін қамтамасыз етеді:**

1. Мемлекет басшысының 2020 жылғы 16 наурыздағы үндеуіне сәйкес ішкі нарықты толтыру және өндірісті ынталандыру мақсатында «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасын қаржыландыру 1 трлн. теңгеге дейін 400 млрд. теңгеге кеңейтілді. Екінші деңгейдегі банктер мен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ облигацияларына инвестициялар лимиттері ұлғайтылды, көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу жөніндегі жобаларды 100 млрд. теңге сомасына қаржыландыру мүмкіндігі енгізілді, осы бағдарлама қолданылатын тауарлардың тізбесі кеңейтілді. Мемлекеттің сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялауы есебінен қаражат соңғы қарыз алушыларға жылдық 6%-бен 10 жылдық мерзімге беріледі. Қосымша бөлінетін ресурстар, ең алдымен, азық-түлік қауіпсіздігі деңгейін арттыруға және импортқа тәуелділікті азайтуға бағытталады.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттікпен бірлесіп айналым қаражатын толықтыру мақсаты үшін 1 жылдық мерзімге жылдық 8%-дан аспайтын мөлшерлеме бойынша 600 млрд. теңге сомасына Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін жеңілдікпен кредиттеу бағдарламасы әзірленді.

3. Үкіметке іскерлік белсенділікті және жұмыспен қамтуды қолдау бойынша жәрдем көрсету мақсатында 700 млрд. теңгеге дейін ықтимал кеңейтумен 600 млрд теңге сомасына қаржыландыру бөлу туралы шешім қабылданды. Қаражат «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның инфрақұрылымдық облигацияларын сатып алуға, одан кейін 300 млрд. теңге сомасына ЖҚЖК бағдарламасын республикалық бюджеттен қаржыландыруға қосымша жергілікті бюджеттерге жіберіледі.

4. «5-10-20» жобасы бойынша қол жетімді тұрғын үй құрылысын қаржыландыру үшін Ұлттық Банк 390 млрд. теңге көлемінде қаражат бөлді, оның 180 млрд. теңге жергілікті атқарушы органдардың жаңа тұрғын үй құрылысын қаржыландыруға, 210 млрд. «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ арқылы тұрғын үй сатып алуға кезекте тұрған адамдарға несие беру үшін бөлінеді.

Осылайша, Ұлттық Банк пен оның басқаруындағы қорлардың жалпы қатысуы Мемлекет басшысының дағдарысқа қарсы бастамаларын қаржыландыру 2 090 млрд. теңгені құрады.

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігін (бұдан әрі - Агенттік) бөліп шығару жолымен қайта ұйымдастырды. Агенттік банктік қызметті мемлекеттік

реттеу, бақылау және қадағалау бөлігінде Ұлттық Банктің құқықтары мен міндеттемелерінің құқықтық мирасқоры болып айқындалды.

Агенттіктің ақпараты бойынша 2020 жылғы 30 наурыз - 30 қыркүйек аралығындағы кезеңде банктердің капиталы мен өтімділігіне қысымды төмендетуге, қазақстандық бизнесті кредиттеу деңгейінің төмендеуін болдырмауға бағытталған ерекше пруденциалдық реттеудің уақытша шаралары қабылданды. Атап айтқанда, айырбастау бағамының құбылмалылығы және әлемдік тауар нарықтарында болып жатқан теріс үрдістер жағдайында экономиканы кредиттеуді ынталандыру үшін шағын және орта бизнес субъектілеріне берілген қарыздар бойынша меншікті капиталға қойылатын талаптар төмендетілді.

Жеткілікті кепілмен қамтамасыз етуі жоқ жаңа қарыз алушыларды кредиттеу мүмкіндіктерін кеңейту үшін сақтандыру шарттары, сондай-ақ синдикатталған кредиттеу шарттары мен мемлекеттік-жеке меншік әріптестік (бұдан әрі - МЖӘ) жобалары тұрақты кепіл ретінде танылды. Сонымен қатар, МЖӘ жобаларын кредиттеуді ынталандыру «Самұрық-Қазына», «Бәйтерек» және «ҚазАгро» ҰБХ АҚ кепілдіктерін өтімді кепілдік ретінде тану есебінен жүзеге асырылды. Бұл шаралар 168 млрд. теңге көлемінде банктер капиталының бір бөлігін экономиканы кредиттеуге босатуға мүмкіндік береді.

Экономикаға жаңа қарыздар беру үшін өтімділіктің қосымша қорын жасау мақсатында өтімділікке қысым төмендетілді, оның ішінде өтімділігі жоғары активтердің тізбесі кеңейтілді, бұл банктердің өтімді активтерінің көлемін 567 млрд. теңгеге ұлғайтады.

Жоғарыда аталған барлық шаралар коронавирустың Қазақстан экономикасына теріс әсерін азайтуға мүмкіндік береді және қазіргі жағдайдағы экономикалық белсенділікті қолдайды. Бұл ретте, осы бағдарламалар көлемі мен жүзеге асырылу мерзімі бойынша шектеулі болмайды, банктердің өзінің экономиканы кредиттеу жөніндегі бағдарламаларын алмастырмайды.

Мемлекет басшысының төтенше жағдай жөніндегі комиссия соңғы отырысында берген тапсырмаларына сәйкес Ұлттық Банк пен Агенттік экономиканы қалпына келтіру үшін қосымша шаралар әзірлеуде.

Төраға

Е. Досаев

Депутатам Мажилиса Парламента
Республики Казахстан,
членам Фракции партии «Nur Otan»
Жамалову А.М., Альтаеву Н.Б.
члену Фракции ДПК «Ак жол»
Барлыбаеву Е.Х.

На ДЗ-87 от 29.04.2020 года

Уважаемые депутаты!

Национальный Банк Республики Казахстан, рассмотрев депутатский запрос ДЗ-87 от 29.04.2020 года, направляет следующую информацию.

Об ограничении использования средств Национального фонда

По вопросу разработки поправок в Концепцию формирования и использования средств Национального фонда Республики Казахстан (далее - Концепция), направленных на ограничение использования средств Национального фонда и его сбережение, сообщаем, что в Концепции уже предусмотрены следующие ограничения:

1. Для выполнения сберегательной функции установлен неснижаемый остаток в размере 30% от прогнозного значения ВВП на конец соответствующего года. При этом, **в случае несоблюдения ограничения по неснижаемому остатку размер гарантированного и/или целевого трансфертов будет уменьшен на соответствующую величину.**

2. **Выделение целевого трансферта возможно только по решению Президента Республики Казахстан** на финансирование антикризисных программ в периоды спада экономики, социально значимых проектов национального масштаба и стратегически важных инфраструктурных проектов.

3. **Запрещено приобретение** казахстанских ценных бумаг субъектов государственного, квазигосударственного и частного секторов, покупка пакетов акций, долей участия казахстанских компаний, фондирование банков второго уровня, кредитование юридических и физических лиц, использование активов в качестве обеспечения исполнения обязательств.

4. В соответствии с последними изменениями в Концепцию формирования и использования средств Национального фонда от 31.12.2019 года для обеспечения выполнения сберегательной функции Национального фонда **определение размера гарантированного трансферта будет основано на контрциклическом бюджетном правиле.** Гарантированный трансферт будет определяться в размере, не превышающем размер поступлений в Национальный фонд от нефтяного сектора при консервативной цене на нефть (цена отсечения),

определяемой Законом Республики Казахстан о гарантированном трансферте на соответствующий плановый период.

24 января 2020 года на расширенном заседании Правительства Республики Казахстан Президент Республики Казахстан поручил Правительству совместно с Национальным Банком внедрить контрциклическое бюджетное правило. В целях исполнения данного поручения проводится соответствующая работа, в частности готовятся соответствующие поправки в Бюджетный кодекс.

О снижении базовой ставки

С 2015 года денежно-кредитная политика осуществляется Национальным Банком в соответствии с принципами инфляционного таргетирования. Это означает, что основной целью является обеспечение низкого и стабильного уровня инфляции. Базовая ставка, как основной инструмент денежно-кредитной политики, устанавливается, исходя из необходимости достижения целевых ориентиров по инфляции. При этом, каждое решение по базовой ставке учитывает актуальные на момент принятия решения события и прогнозы развития макроэкономических показателей на среднесрочную перспективу.

При установлении базовой ставки во внимание принимаются, прежде всего, прогнозный уровень инфляции и инфляционные ожидания, ситуация на внутреннем финансовом рынке и тенденции на ключевых сырьевых и финансовых международных рынках. Особое значение придается динамике развития реального сектора экономики Казахстана.

Поэтому, учитывая риск значительного снижения экономической активности в стране на фоне ухудшения внешних и внутренних условий, Национальный Банк 6 апреля 2020 года принял решение снизить базовую ставку до 9,5%. Во избежание перетока ликвидности с денежного на валютный рынок, коридор ставок был расширен до +/-2%. В комплексе с другими реализующимися антикризисными мерами Национального Банка и Правительства решение о снижении базовой ставки направлено на сглаживание негативных последствий распространения коронавируса и поддержку деловой активности, в том числе через увеличение кредитования. 27 апреля текущего года очередным решением Национальный Банк сохранил базовую ставку на прежнем уровне.

При этом, текущий уровень базовой ставки в реальном выражении, т.е. за минусом фактической годовой инфляции (6,8% по итогам апреля), уже ниже равновесного нейтрального уровня в 3-3,5%. А с учетом пересмотренного прогноза по инфляции до 9-11% по итогам текущего года, реальная базовая ставка может сложиться еще ниже, вплоть до нулевого значения.

В этих условиях дальнейшее значительное снижение базовой ставки Национального Банка будет иметь негативные последствия для экономики в

долгосрочной перспективе. Среди них следует выделить изменение валютных предпочтений при сбережениях в пользу иностранной валюты и рост девальвационных ожиданий, систематическое недостижение цели по инфляции и низкое доверие населения и рынка к денежно-кредитной политике, повышение неопределенности у экономических агентов и повышение рисков банковской системы. Также необходимо отметить, что значительное снижение базовой ставки приведет и к снижению ресурсной базы банковской системы. Согласно методике АО «Казахстанский фонд гарантирования депозитов» максимальные рекомендуемые ставки по депозитам физических лиц напрямую зависят от базовой ставки. Соответственно, при значительном снижении базовой ставки предельные ставки по вкладам будут также снижаться, что приведет к их оттоку из банковской системы.

Таким образом, решения по снижению базовой ставки не могут быть основными мерами для оживления экономики. Для качественного и устойчивого роста важны структурные преобразования экономики и повышение ее диверсификации, тогда как монетарная политика не располагает инструментарием для разрешения структурных проблем. Инструменты денежно-кредитной политики эффективны для сглаживания отклонения от долгосрочных тенденций в экономике, возникающего под действием различных макроэкономических шоков.

Национальный Банк продолжит внимательно отслеживать развитие событий и в условиях кризисного периода готов задействовать все возможные инструменты для смягчения негативных последствий для экономики и обеспечения макроэкономической стабильности. В рамках мандата по обеспечению стабильности цен Национальный Банк будет продолжать осуществлять меры по контролю за инфляционным фоном.

О восстановлении банковского кредитования

Для **восстановления кредитования** в рамках реализации поручений Главы государства **Национальным Банком обеспечивается доступность кредитных ресурсов:**

1. В соответствии с обращением Главы государства от 16 марта 2020 года, в целях наполнения внутреннего рынка и стимулирования производства, расширено финансирование Программы «экономика простых вещей» на 400 млрд. тенге до 1 трлн. тенге. Увеличены лимиты инвестиций в облигации банков второго уровня и АО «Аграрная кредитная корпорация», включена возможность

финансирования проектов по проведению весенне-полевых и уборочных работ на сумму 100 млрд. тенге, расширен перечень товаров, которые попадают под действие данной программы. За счет субсидирования части ставки вознаграждения государством, средства конечным заемщикам будут предоставляться под 6% годовых сроком на 10 лет. Дополнительно выделяемые ресурсы будут направлены, в первую очередь, на повышение уровня продовольственной безопасности и уменьшение импортозависимости.

2. Совместно с Агентством Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка разработана Программа льготного кредитования субъектов малого и среднего предпринимательства, на сумму 600 млрд. тенге по ставке не более 8% годовых со сроком на 1 год для целей пополнения оборотных средств.

3. В целях содействия Правительству по поддержке деловой активности и занятости, принято решение о выделении финансирования на сумму 600 млрд. тенге с возможным расширением до 700 млрд. тенге. Средства будут направлены на приобретение инфраструктурных облигаций АО «НУХ «Байтерек», далее в местные бюджеты в дополнение к финансированию из республиканского бюджета Программы ДКЗ на сумму 300 млрд. тенге.

4. Для финансирования строительства доступного жилья по проекту «5-10-20» Национальным Банком выделены средства в размере 390 млрд. тенге, из которых 180 млрд. тенге направлены на финансирование строительства нового жилья местными исполнительными органами, а 210 млрд. тенге будут направлены на кредитование очередников на приобретение жилья через АО «Жилищный строительный сберегательный банк Казахстана».

Таким образом, общий объем участия Национального Банка и фондов под его управлением в финансировании антикризисных инициатив Главы государства составляет 2 090 млрд. тенге.

С 1 января 2020 года Национальный Банк реорганизован путем выделения из него Агентства Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка (далее – Агентство). Агентство определено правопреемником прав и обязательств Национального Банка в части государственного регулирования, контроля и надзора за банковской деятельностью.

По информации Агентства на период с 30 марта по 30 сентября 2020 года приняты временные меры особого пруденциального регулирования, направленные на снижение давления на капитал и ликвидность банков, недопущение снижения уровня кредитования казахстанского бизнеса. В частности, для стимулирования кредитования экономики в условиях волатильности обменного курса и негативных тенденций, происходящих на

мировых товарных рынках, снижены требования к собственному капиталу по займам, выданным субъектам малого и среднего бизнеса.

Для расширения возможностей по кредитованию новых заемщиков, не имеющих достаточного залогового обеспечения, в качестве твердого залога признаны договоры страхования, а также договоры синдицированного кредитования и проекты государственно-частного партнерства (далее – ГЧП). Кроме того, стимулирование кредитования проектов ГЧП осуществлено за счет признания гарантий от АО НУХ «Самрук-Казына», «Байтерек» и «КазАгро» в качестве ликвидного обеспечения. Данные меры позволят высвободить часть капитала банков в объеме 168 млрд. тенге на кредитование экономики.

В целях создания дополнительного запаса ликвидности для выдачи новых займов экономике снижено давление на ликвидность, в том числе расширен перечень высоколиквидных активов, что увеличит объем ликвидных активов банков на 567 млрд. тенге.

Все вышеуказанные меры позволят сгладить негативное влияние последствий коронавируса на казахстанскую экономику и поддержат экономическую активность в текущих условиях. При этом, данные программы являются ограниченными по объему и срокам реализации, не подменяя собой собственные программы банков по кредитованию экономики.

В соответствии с поручениями Главы Государства, данными на последнем заседании Комиссии по чрезвычайному положению, Национальным Банком и Агентством разрабатываются дополнительные меры по восстановлению экономики.

Председатель

Е. Досаев

*исп. Ботабаев Ж.
тел. +7(727) 2704-953*